«Республикалық
Медицина
Академиясы» ЖШС

ТОО «Республиканская
Медицинская
Академия»

Педагогикалық кеңес отырысында
қарастырылды және мақұлданды
"__29__" _____08_____2024 жыл

Бекітемін
«РМА»ЖШС директоры
_____Смакова С.С.
"__02__" _____09_____2024 жыл

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, «Педагог мәртебесі туралы» Заңына, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 24 қазандағы № 506 Бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесі қызметінің Үлгілік Қағидаларына, РМА Жарғысына сәйкес әзірленді.

1.2 «Республикалық Медицина Академиясы» ЖШС-нің (ары қарай - РМА) педагогикалық кеңесі туралы осы Ереже РМА-ның педагогикалық қызметкерлерінің өзін-өзі басқарудың тұрақты жұмыс істейтін алқалы органы ретінде педагогикалық кеңес қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Педагогикалық кеңестің міндеттері

2.1 РМА-ның Педагогикалық кеңесінің міндеттері:

1) оқу-тәрбие процесінің жағдайын, оқытушылардың кәсіби даярлық деңгейін, білім алушылардың білімділігін, тәрбиелілігін және дамуын диагностикалау;

2) РМА, әр оқытушы мен өндірістік оқыту шеберінің кәсіби шеберлігінің және шығармашылығының дамуының кешенді нысаналы бағдарламаларын әзірлеу;

3) сапалы оқу-тәрбие жұмыстары үшін РМА ұжымының күшін біріктіру;

4) экономиканың даму перспективаларын, еңбек нарығы қажеттілігін ескеріп, кадрларды даярлаудың сапасын әрдайым жетілдіру үшін жағдайлар жасау;

5) білім алушыларды тұлғалық бағытталған біліммен және тәрбиемен қамтамасыз ету;

6) оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда құзіретті көзқарасты қалыптастыру;

7) оқу-тәрбие процесінің нәтижелігі мен тиімділігі мониторингісінің нысандары мен әдістерін жетілдіру;

8) оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы шығармашылық көзқарасты қамтамасыз ету.

3. Педагогикалық кеңестің құрамы

3.1 РМА Педагогикалық кеңесінің құрамына РМА-ның әкімшілік құрамы, барлық оқытушылар мен оқу-көмекші персонал, сондай-ақ негізгі кәсіпорындардың, мекемелердің өкілдері, білім алушылар және ата-ана өкілдері кіреді.

3.2 Педагогикалық ұжым өкілдері жиналыста ашық дауыс беру арқылы сайланады (оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері ұсынған әрбір кандидатура бойынша).

3.3 Педагогикалық кеңестің мүшелігіне ата-аналарды ата-аналар комитеті ұсынады.

3.4 Негізгі кәсіпорындардың, мекемелердің өкілдерін аталған кәсіпорындардың, мекемелердің басшылары ұсынады.

3.5 Педагогикалық кеңестің құрамы РМА директорының бұйрығымен оқу жылына бекітіледі.

3.6 РМА директоры Педагогикалық кеңестің төрағасы болып табылады.

3.7 Педагогикалық кеңестің төрағасы жалпы басшылықты жүзеге асырады, мәжілістерде төрағалық етеді, қабылданған шешімдерді бекітеді.

3.8 Педагогикалық кеңес мүшелерінің қатарынан ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

4. Педагогикалық кеңестің құқықтары

4.1 Педагогикалық кеңес:

1) РМА қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерді және құқықтық актілерді орындау бойынша іс-шараларды;

2) оқу-тәрбиелік және әдістемелік жұмыстардың жағдайын, оқытудың барлық нысандары бойынша оқыту әдістерін жетілдіру мәселелерін, оқытудың жаңа технологияларын енгізуді (ақпараттық, модульді, тұлғалық бағдарланған және тағы басқалар);

3) оқу - көмекші бөлімшелердің, оқу бөлімдері жұмысының жағдайын;

4) РМА-ның оқу-материалдық базасының дамуын жоспарлау мәселелерін;

5) оқу-тәрбиелік және әдістемелік жұмыстарды жоспарлау мәселелерін;

6) әкімшіліктің, оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің, оқу-көмекші персоналдардың біліктілігін арттыру және біліктілік арттырудың жаңа нысандарын пайдалану мәселелерін;

7) РМА-да жаңа мамандықтар мен пәндер бойынша оқытушыларды және өндірістік оқыту шеберлерін, оқытушылар құрамын даярлауды, жас мамандарды оқытушылық қызметке тартуды;

8) әкімшілік және педагогикалық кадрларды аттестаттауға даярлаудың аттестаттау жүйесін және ұйымдастыруды жетілдіру;

9) білім алушыларды қабылдау, бітірушілерді бітірту және жұмысқа орналастыру мәселелерін;

10) білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау, курстық жұмыстарын қорғауға даярлау және өткізу бойынша іс-шараларды;

11) білім алушылардың өндірістік практикасын ұйымдастыру және өткізу мәселелерін;

12) білім алушылардың тәртібінің жай-күйін, төмен оқу үлгерімі үшін, РМА-ның ішкі тәртіп және жатақханадағы тұру ережелерін бұзғаны үшін оқудан шығару мәселелері, сондай-ақ жеке жағдайларда білім алушыларды РМА-ға қайта қабылдау мәселелерін;

13) оқу - тәрбие процестерін компьютерлеудің жай-күйін;

14) білім алушылар контингентінің сақталуын;

15) білім алушылардың тұлғалық бағдарланған тәрбиесі мен білімінің мәселелерін;

16) республиканың еңбек рыногының талаптарына және экономиканың дамуының перспективаларына сәйкес кадрларды даярлау мәселелерін қарастырады.

4.2 Қажетті жағдайда, Педагогикалық кеңесте қарауына жеке қызметкер біліктілігінің РМА-да орындап жатқан жұмыстарына сәйкестігі туралы мәселелер ұсынылады.

4.3 Педагогикалық кеңестің отырысында қызметі талқыланатын қызметкерлер кеңестің отырысына қатысуға құқығы бар. Отырыстың өту күні туралы қызметкерлерге кемінде жеті күн бұрын хабарланады.

5. Педагогикалық кеңес жұмысын ұйымдастырудың тәртібі

5.1 Педагогикалық кеңестің жұмысы оқу жылына әзірленетін жоспар бойынша өткізіледі. Жоспар кеңестің бірінші отырысында қаралып, РМА директорымен бекітіледі.

5.2 Педагогикалық кеңес отырысы РМА директоры белгілеген, бірақ екі айда бір реттен кем емес мерзімде өтеді.

5.3 Педагогикалық кеңестің отырысында талқыланатын мәселелер бойынша орындау мерзімі мен орындауға жауапты тұлғалар көрсетілген шешімдер шығарылады.

5.4 Педагогикалық кеңестің шешімі дауыс берумен қабылданады және РМА директоры бекіткеннен кейін күшіне енеді.

5.5 Педагогикалық кеңестің төрағасы қабылданған шешімдердің орындалуын жүйелі түрде тексеруді ұйымдастыруға және тексеру қорытындысын Педагогикалық кеңеске талқылауға салуға міндетті.

5.6 Педагогикалық кеңестің әрбір мүшесі кеңестің барлық отырысына қатысуға, оның жұмысына белсенді араласуға, жүктелген тапсырмаларды уақытылы және нақты орындауға тиісті.

5.7 Педагогикалық кеңестің отырысы хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаға Педагогикалық кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды. Әрбір хаттамада оның нөмірі, кеңес отырысының күні, қатысқандардың саны, отырыстың күн тәртібі көрсетіледі. Талқыланатын мәселе бойынша сөйлеген сөздер мен қабылданған шешім анық және түсінікті көрсетілу керек. Кеңеске қатысушылардың тізімі 10 адамнан асса қосымша тізім ретінде тіркеледі.

5.8 Педагогикалық кеңестің хаттамалары Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану Қағидаларына сәйкес қағазға басылып шығарылған электрондық word (ворд) форматында жүргізіледі.

5.9 Педагогикалық кеңес хаттамасы кеңес өткен күннен бастап үш күн ішінде рәсімделеді.

5.10 Хаттамаға қол қойылғаннан кейін педагогикалық кеңестің хатшысы кезекті отырыстың хаттамасы мен оған қоса берілетін материалдардың беттерін қаралу ретіне сәйкес нөмірлейді. Құжаттар берік жіппен тігіледі. Әдетте парақтың сол жақ жиегіне 3 немесе 4 тесік жасалады.

Құжаттың артқы бетіне (түйін мен жіптердің бір бөлігіне) шамамен 4 × 5 см көлеміндегі тығыз қағаз жапсырылады. Жапсырмада қолмен немесе мөртаңба арқылы мынадай жазба жасалады:

- парақтар саны — санмен және жазбаша түрде;
- педагогикалық кеңес төрағасының Т.А.Ә. және қолы;
- тігу күні.

Жазба «РМА» ЖШС мөрімен куәландырылады: мөрдің бір бөлігі жапсырмада, ал екінші бөлігі құжаттың негізгі бетінде болатындай етіп басылады.

5.11 Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы РМА-ның іс номенклатурасында үнемі сақталатын құжаттар болып табылады, соңғы екі және ағымдағы оқу жылының хаттамалары әдістемелік кабинетте сақталады. РМА-ның істерін қабылдау мен тапсыру кезінде акт бойынша тапсырылады.

5.12 Педагогикалық кеңес хаттамаларын бірыңғай архивтік іске біріктіру тек бір оқу жылы шеңберінде хронологиялық тәртіппен жүзеге асырылады.

«Республикалық
Медицина
Академиясы» ЖШС

ТОО «Республиканская
Медицинская
Академия»

Педагогикалық кеңес отырысында
қарастырылды және мақұлданды
"__29__" _____08_____2024 жыл

Бекітемін
«РМА»ЖШС директоры
_____ Смакова С.С.
"__02__" ____09_____2024 жыл

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, «Педагог мәртебесі туралы» Заңына, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 24 қазандағы № 506 Бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесі қызметінің Үлгілік Қағидаларына, РМА Жарғысына сәйкес әзірленді.

1.2 «Республикалық Медицина Академиясы» ЖШС-нің (ары қарай - РМА) педагогикалық кеңесі туралы осы Ереже РМА-ның педагогикалық қызметкерлерінің өзін-өзі басқарудың тұрақты жұмыс істейтін алқалы органы ретінде педагогикалық кеңес қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Педагогикалық кеңестің міндеттері

2.1 РМА-ның Педагогикалық кеңесінің міндеттері:

1) оқу-тәрбие процесінің жағдайын, оқытушылардың кәсіби даярлық деңгейін, білім алушылардың білімділігін, тәрбиелілігін және дамуын диагностикалау;

2) РМА, әр оқытушы мен өндірістік оқыту шеберінің кәсіби шеберлігінің және шығармашылығының дамуының кешенді нысаналы бағдарламаларын әзірлеу;

3) сапалы оқу-тәрбие жұмыстары үшін РМА ұжымының күшін біріктіру;

4) экономиканың даму перспективаларын, еңбек нарығы қажеттілігін ескеріп, кадрларды даярлаудың сапасын әрдайым жетілдіру үшін жағдайлар жасау;

5) білім алушыларды тұлғалық бағытталған біліммен және тәрбиемен қамтамасыз ету;

6) оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда құзіретті көзқарасты қалыптастыру;

7) оқу-тәрбие процесінің нәтижелігі мен тиімділігі мониторингісінің нысандары мен әдістерін жетілдіру;

8) оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы шығармашылық көзқарасты қамтамасыз ету.

3. Педагогикалық кеңестің құрамы

3.1 РМА Педагогикалық кеңесінің құрамына РМА-ның әкімшілік құрамы, барлық оқытушылар мен оқу-көмекші персонал, сондай-ақ негізгі кәсіпорындардың, мекемелердің өкілдері, білім алушылар және ата-аналар өкілдері кіреді.

3.2 Педагогикалық ұжым өкілдері жиналыста ашық дауыс беру арқылы сайланады (оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері ұсынған әрбір кандидатура бойынша).

3.3 Педагогикалық кеңестің мүшелігіне ата-аналарды ата-аналар комитеті ұсынады.

3.4 Негізгі кәсіпорындардың, мекемелердің өкілдерін аталған кәсіпорындардың, мекемелердің басшылары ұсынады.

3.5 Педагогикалық кеңестің құрамы РМА директорының бұйрығымен оқу жылына бекітіледі.

3.6 РМА директоры Педагогикалық кеңестің төрағасы болып табылады.

3.7 Педагогикалық кеңестің төрағасы жалпы басшылықты жүзеге асырады, мәжілістерде төрағалық етеді, қабылданған шешімдерді бекітеді.

3.8 Педагогикалық кеңес мүшелерінің қатарынан ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

4. Педагогикалық кеңестің құқықтары

4.1 Педагогикалық кеңес:

1) РМА қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерді және құқықтық актілерді орындау бойынша іс-шараларды;

2) оқу-тәрбиелік және әдістемелік жұмыстардың жағдайын, оқытудың барлық нысандары бойынша оқыту әдістерін жетілдіру мәселелерін, оқытудың жаңа технологияларын енгізуді (ақпараттық, модульді, тұлғалық бағдарланған және тағы басқалар);

3) оқу - көмекші бөлімшелердің, оқу бөлімдері жұмысының жағдайын;

4) РМА-ның оқу-материалдық базасының дамуын жоспарлау мәселелерін;

5) оқу-тәрбиелік және әдістемелік жұмыстарды жоспарлау мәселелерін;

6) әкімшіліктің, оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің, оқу-көмекші персоналдардың біліктілігін арттыру және біліктілік арттырудың жаңа нысандарын пайдалану мәселелерін;

7) РМА-да жаңа мамандықтар мен пәндер бойынша оқытушыларды және өндірістік оқыту шеберлерін, оқытушылар құрамын даярлауды, жас мамандарды оқытушылық қызметке тартуды;

8) әкімшілік және педагогикалық кадрларды аттестаттауға даярлаудың аттестаттау жүйесін және ұйымдастыруды жетілдіру;

9) білім алушыларды қабылдау, бітірушілерді бітірту және жұмысқа орналастыру мәселелерін;

10) білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау, курстық жұмыстарын қорғауға даярлау және өткізу бойынша іс-шараларды;

11) білім алушылардың өндірістік практикасын ұйымдастыру және өткізу мәселелерін;

12) білім алушылардың тәртібінің жай-күйін, төмен оқу үлгерімі үшін, РМА-ның ішкі тәртіп және жатақханадағы тұру ережелерін бұзғаны үшін оқудан шығару мәселелері, сондай-ақ жеке жағдайларда білім алушыларды РМА-ға қайта қабылдау мәселелерін;

13) оқу - тәрбие процестерін компьютерлеудің жай-күйін;

14) білім алушылар контингентінің сақталуын;

15) білім алушылардың тұлғалық бағдарланған тәрбиесі мен білімінің мәселелерін;

16) республиканың еңбек рыногының талаптарына және экономиканың дамуының перспективаларына сәйкес кадрларды даярлау мәселелерін қарастырады.

4.2 Қажетті жағдайда, Педагогикалық кеңесте қарауына жеке қызметкер біліктілігінің РМА-да орындап жатқан жұмыстарына сәйкестігі туралы мәселелер ұсынылады.

4.3 Педагогикалық кеңестің отырысында қызметі талқыланатын қызметкерлер кеңестің отырысына қатысуға құқығы бар. Отырыстың өту күні туралы қызметкерлерге кемінде жеті күн бұрын хабарланады.

5. Педагогикалық кеңес жұмысын ұйымдастырудың тәртібі

5.1 Педагогикалық кеңестің жұмысы оқу жылына әзірленетін жоспар бойынша өткізіледі. Жоспар кеңестің бірінші отырысында қаралып, РМА директорымен бекітіледі.

5.2 Педагогикалық кеңес отырысы РМА директоры белгілеген, бірақ екі айда бір реттен кем емес мерзімде өтеді.

5.3 Педагогикалық кеңестің отырысында талқыланатын мәселелер бойынша орындау мерзімі мен орындауға жауапты тұлғалар көрсетілген шешімдер шығарылады.

5.4 Педагогикалық кеңестің шешімі дауыс берумен қабылданады және РМА директоры бекіткеннен кейін күшіне енеді.

5.5 Педагогикалық кеңестің төрағасы қабылданған шешімдердің орындалуын жүйелі түрде тексеруді ұйымдастыруға және тексеру қорытындысын Педагогикалық кеңеске талқылауға салуға міндетті.

5.6 Педагогикалық кеңестің әрбір мүшесі кеңестің барлық отырысына қатысуға, оның жұмысына белсенді араласуға, жүктелген тапсырмаларды уақытылы және нақты орындауға тиісті.

5.7 Педагогикалық кеңестің отырысы хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаға Педагогикалық кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды. Әрбір хаттамада оның нөмірі, кеңес отырысының күні, қатысқандардың саны, отырыстың күн тәртібі көрсетіледі. Талқыланатын мәселе бойынша сөйлеген сөздер мен қабылданған шешім анық және түсінікті көрсетілу керек. Кеңеске қатысушылардың тізімі 10 адамнан асса қосымша тізім ретінде тіркеледі.

5.8 Педагогикалық кеңестің хаттамалары Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану Қағидаларына сәйкес қағазға басылып шығарылған электрондық word (ворд) форматында жүргізіледі.

5.9 Педагогикалық кеңес хаттамасы кеңес өткен күннен бастап үш күн ішінде рәсімделеді.

5.10 Хаттамаға қол қойылғаннан кейін педагогикалық кеңестің хатшысы кезекті отырыстың хаттамасы мен оған қоса берілетін материалдардың беттерін қаралу ретіне сәйкес нөмірлейді. Құжаттар берік жіппен тігіледі. Әдетте парақтың сол жақ жиегіне 3 немесе 4 тесік жасалады.

Құжаттың артқы бетіне (түйін мен жіптердің бір бөлігіне) шамамен 4 × 5 см көлеміндегі тығыз қағаз жапсырылады. Жапсырмада қолмен немесе мөртаңба арқылы мынадай жазба жасалады:

- парақтар саны — санмен және жазбаша түрде;
- педагогикалық кеңес төрағасының Т.А.Ә. және қолы;
- тігу күні.

Жазба «РМА» ЖШС мөрімен куәландырылады: мөрдің бір бөлігі жапсырмада, ал екінші бөлігі құжаттың негізгі бетінде болатындай етіп басылады.

5.11 Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы РМА-ның іс номенклатурасында үнемі сақталатын құжаттар болып табылады, соңғы екі және ағымдағы оқу жылының хаттамалары әдістемелік кабинетте сақталады. РМА-ның істерін қабылдау мен тапсыру кезінде акт бойынша тапсырылады.

5.12 Педагогикалық кеңес хаттамаларын бірыңғай архивтік іске біріктіру тек бір оқу жылы шеңберінде хронологиялық тәртіппен жүзеге асырылады.